

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акцияларының бір бөлігін сатып алу туралы Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкінің ұсынысы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 мамыр N 650

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 шілдедегі N 684 P980684_ қаулысына және "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің "Сату туралы" келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қыркүйектегі N 826 P980826_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан және Central Asian Industrial Investments N.V. компаниясынан "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акцияларының 30,01% (отыз бүтін нольде бір процентін) немесе 3 640 840 (үш миллион алты жүз қырық мың сегіз жүз қырық) дана акциясын, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакетінен 1 820 420 (бір миллион сегіз жүз жиырма мың төрт жүз жиырма) дана акциясын келешекте стратегиялық инвесторға белгіленген тәртіппен сату мақсатында сатып алу туралы Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкінің ұсынысы толығымен мақұлданын.

2. Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкімен келіссөздер жүргізу мақсатында қосымшада көрсетілген құрамда жұмыс тобын құрсын.

3. Жұмыс тобына "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің Сату туралы келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қыркүйектегі N 826 P980826_ қаулысымен бекітілген 1998 жылғы 28 шілдедегі "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің келісіміне сәйкес тараптардың кеңесшілері консорциумымен бірлесіп "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акцияларының бір бөлігін сату кезінде барынша тиімді жеткізу мақсатында Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкімен келіссөздер жүргізу тапсырылсын.

4. Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкімен келіссөздер жүргізілгеннен кейін барынша тиімді шарттарға қол жеткен жағдайда жұмыс тобы тиісті Үкімет шешімінің жобасын Үкіметке бекітуге енгізсін және қажет болған жағдайда Үкіметтің ұсынылған шешімінен туындайтын осы мәселе бойынша заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Үкіметтің шешімдерінің жобаларын дайындасын.

5. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
30 қыркүйектегі
N 1496 қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1496
қаулысымен.

P991496_

Еуропалық Қайта Жаңарту және Даму Банкімен "Қазақтелеком"
ААҚ акцияларының бір бөлігін сатып алу жөнінде келіссөздер
жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Бүркітбаев Серік - Қазақстан Республикасының Көлік,
Мінуэрұлы коммуникациялар және туризм
министрі, жетекші

Әбілғазин Данияр - Қазақстан Республикасының Қаржы
Рүстемұлы вице-министрі, Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы

Сәйденов Әнуар - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ғалимоллаұлы вице-министрі

Уәйісов Мерей - Қазақстан Республикасының Әділет
Құрманұлы вице-министрі

Дәмитов Нүрдін - Қазақстан Республикасының

Базарұлы Инвестициялар жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

Жолдасбеков Азамат - Қазақстан Республикасының Бағалы
Мырзаданұлы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Сақыпов Нұрлан - "Қазақтелеком" ашық акционерлік
Заркешұлы қоғамының президенті
(келісім бойынша)

Кәрібжанов Айдан - "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік
Тобаниязұлы қоғамының басқарушы директоры
(келісім бойынша)

ЕСКЕРТУ. Құрам толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.12. N 958
қаулысымен.

P990958_

Оқығандар:
Омарбекова А.
Нарбаев Е.